


СЕМИОСФЕРА

Мәдениет динамикасы туралы

3-тарау. Мәдениет және ақпарат





Семиотикаға дейінгі немесе семиотикадан тыс кеңістіктік болуы туралы жорамал семиотиканың басты қағидаларының бірі болып табылады. Оның антитезасының негізінде семиотиканың басты ұғымдары айқындалады. Бұл тәсіл эвристикалық тұрғыдан орынды болып табылады. Қателік – оның ішінде емес, қағидалардың араласуында: логикалық шарттылықты біз эмпирикалық шындық ретінде қабылдай бастаймыз.

Осы секілді шарттылықтың бірі – динамикалық процестерде әлдебір бастапқы нүктенің, шартты нөлдің болатыны туралы болжам: бізге эмпирикалық шындықта бұрын-соңды байқалмаған «нөлдік күй» анықталады. Осылайша мәдениет динамикасының моделін біз орыны жануарлар әлемімен біріктірілетін «семиотикалық нөл» нүктесінен бастап құрастырамыз. Эвристикалық шарттылық аясындағы «нөл» біздің ақиқат туралы түсінігімізге ауысады: «шартты нөл» өз бойында басталу мифологиясын жасырып тұрады. Өмірдің түйінді сәттері: үйлену, бала тәрбиелеу, аңшылық, жалпы кез келген жағдаятты бағалау және соған сай әрекетті таңдау – қатаң жораланған түрде көрініс береді. Алайда салт-жоралардың да өзіндік ерекшелігі бар екенін айта кету керек. Салт-жоралғыларда жадтың құрылымы маңызды рөл атқарады және ол индивидті топтық жадқа бейімдеу тетігі болып табылады. Сондықтан, адамның әлемінен тыс жерде салт-жора эволюцияға кеңістік қалдырмайтын немесе оны өте қатты шектейтін тұрақты ұйымдастырылған жүйе қалыптастырады. Салт-жора жеке индивидтің өзгеше әрекет ету мүмкіндігін шектеп, оны қатаң түрде алдын ала болжауға болатындай етеді. Осы тұрғыда алғанда жануардың іс-әрекеттің «қалыпты» шарт-жағдайынан шығып қалатын кездері болады. Мұндай жыртқышты аңшылар өте қауіпті дейді, себебі оның іс-әрекетін болжап білу мүмкін емес. Алайда мұндай белгісіз, айналасындағыларға қауіп төндіретін іс-әрекетті басқаша тұрғыдан сипаттауға да болады: әдет-ғұрып тұрғысынан кері кету бола отырып, ол болжап-білінбейтін қасиетінің жоғарылауымен ерекшеленеді және оны өзіндік іс-әрекет рөлінің жарылыс тәрізді өсуінің динамикалық сәті ретінде сипаттауға болады.

Циклдың орнына келген тарихи процесс қайталанғыштық пен іс-әрекет формаларының ішкі динамикасы арасындағы үздіксіз шиеленісті тудырды. Динамикалық процестер белгілі бір шегіне жеткен нүктелерде болжанбайтын сипат алды, бірақ олардың орнын алмастырған тұрақтандыру үдерістері алдын ала болжанғыштығын, сонымен қатар мүмкіндіктердің бірін таңдауда өте шектеулі қасиетін сақтап қалды. Динамикалық процестің бұл екілік сипаты, сипаттау тілінің таңдалуына байланысты, адамзат тарихының бір құрылымды қайталайтын әрі алдын ала болжанбайтын деп қарастырылуына алып келеді. Осылайша, динамиканың циклдық және бағытталған формаларының арасын ажыратып алудың маңызы зор. Әрі бағытталған динамика өз кезегінде іштей: белгіленген заңдылықтар бойынша жүзеге асатын, сол үшін де жоғары болжанғыштығымен ерекшелетін баяу және болжану деңгейі төмен апатты динамика болып бөлінеді. Дамудың соңғы екі формасы тұрғысынан алғанда, тұрақты түрдегі қайталанулар динамикасы статика ретінде жүреді.

Нақты тарихи процесте біз дамудың динамикалық және одан кейінгі «қалыптасқан» кезеңдердің тепе-тең, ретті, бірқалыпты ауысуын көре алмаймыз. Мәселе сондықтан да күрделене түседі. Шынайы тарихта көптеген динамикалық, бірақ синхрондалмаған, әртүрлі уақытта өрбитін, бір-бірімен байланыспайтын процестер мен олармен хронологиялық тұрғыдан бір уақытқа жататын, тұрақтылық кезеңінен өткен басқаша даму аясындағы қозғалыстар кездеседі. Айталық, ғылымның белгілі бір саласындағы қарқынды даму мен ғылыми жарылыстар хронологиялық және себептілік жағынан тұрмыстың әртүрлі салаларындағы оларға сәйкес келетін екпінді қозғалыстармен байланысты болмауы мүмкін. Өнердегі жарылысты жағдайлар саяси кеңістікте синхронды тұрақталған болуы мүмкін. Алайда кейбір жекелеген жарылыс кезеңдерінің аса қарқынды сипат алған жағдайында олар өз тілін басқаларға, ал жалпы қозғалыста – барлық динамикалық процестерге күштеп таңуы мүмкін. Осы айтылғандардан шығатыны – шынайы тарихи процестер көпжоспарлы және көпфункционалды болады, демек әртүрлі көзқарастар тұрғысынан әрқилы сипатталуы мүмкін. Десек те, ары қарай біз, баяндаманың қарапайымдылығы үшін, қандай да бір процестің басты үстем құрылымдарының даму реттілігін, шынайы тарихи қозғалыста олардың барлығы да өзіне дейінгі кезеңдердің әртүрлі қосымша жарылыстар мен «жарылыс толқындарының» реңкін қабылдайтынын алдын ала ескере отырып қарастырамыз. Жоғарыда айтқанымыздай,



адамзатқа дейінгі дәуірлер мәдениетінде қауымдық жад үстемдік еткен. Шартты іс-әрекеттер – қауымның немесе белгілі бір мақсатқа бағытталған тәжірибесі бар топтардың өмірін сақтау формасы болып табылады. Қозғалыстың желілі динамикамен жүретін циклдық сызбасын ауыстыру барысында іс-әрекеттің ықтимал түрлері жиынының күрт кеңеюі орын алды. Басқа жануарлардың көзқарасы тұрғысынан осынау адамның көне формасы болып табылатын тіршілік иесі «ақылсыз» деп танылуы тиіс еді. «Кәдімгі» жануар, дені сау адамның көптеген тыйымдарын сана-сезімі жоққа шығаратын жындының іс-әрекетін алдын ала болжауға болмайтыны секілді, оның іс-әрекетін болжай алмайтын. Осы сипатталып отырған жағдаят Р. Киплингтің «Джунгли кітабындағы» шиеленістердің бірін еске түсіреді. Кітаптың қаһарман кейіпкерлері – жануарлардың ұйымдасқан, «саналы» іс-әрекеті – маймылдардың парықсыз әрі алдын ала болжауға келмейтін іс-әрекеттері мен өтірік ұйымдарына қарсы қойылған. Ежелгі адамдардың іс-әрекеті олармен алғаш кезіккен жануарлардың көзінде дәл осылай көрінген болуы керек деген болжам жасауға болады. Осы болжамсыздық, яғни салыстырмалы түрде іс-әрекеттердің болжауға болатын шағын ғана жиынтығымен шектелген қарсыласына қарағанда анағұрлым жоғары еркіндік дәрежесіне ие болуы – адамның жануарлармен салыстырғандағы қарусыздығының орнын толтырып, оны айтарлықтай жоғары сатыға көтерді. Киплинг «адамзаттың тегін» бақылап отырған жануарлардың әлеміне, өте шебер түрде ене білді: адам – жануарларға тек ақылсыз ғана емес, «ережесіз соғыстар» жүргізетін, арсыз болып көрінеді.

Осы секілді жағдаяттар қайталануы мүмкін: қайта өрлеу дәуіріндегі адамдар, анағұрлым қатаң қағидалы орта ғасыр адамдарының көзқарасы тұрғысынан – ережені бұзатын және жеңіске тыйым салынған жолдармен қол жеткізетін, өздерін «адам» тәрізді ұстамайтындай көрінеді. Іс-әрекет нормаларының ауытқуы – прогресстің қажетті шарты – ақылсыздық қана емес, әдеп тұрғысынан құлдырау түрінде желілік процестің алдыңғы сатысына бой ұрған ұжымда субъективті түрде жүзеге асады. Оны мәдениет тарихында ауық-ауық туындап отыратын: адамдарға қарағанда, жануарлар арлы – дейтін тұжырыммен түсіндіруге болады. Ережелердің жаңа, одан да кең жүйесіне ену – ережелер әлемінен шексіз еркіндік әлеміне кіру секілді сезініледі. Жануарлардың көзімен қарағанда, «есуас» тіршілік иесі болған – адам баласы – өзінің көзқарасы тұрғысынан әлдеқайда нәтижелі болып шықты. Себебі оның жануарлар әлеміндегі жаулары оның іс-әрекетін алдын ала болжай алмағандықтан, олардың қарсыласуы да бірден өз тиімділігін жойды. Алайда бұл жаңа мүмкіндіктер бекітілуді қажет етті, іс-әрекеттің болжаудың бұрынғы аймағынан шығуы шексіз мүмкіндіктерге, яғни хаосқа емес, керісінше жаңа, ұйымдасқан, өзінің кеңейген шектеулері бар, құрылымға алып келді. Осынау жаңа тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа тарату керек болғандықтан, ол дереу шартты, былайша айтқанда, ишаратты сипат алды. Саналы, бірақ тұқымқуаламайтын іс-әрекет ұжым үшін тұрақты жүйелердің қозғалысында бекітілді. Мұндай тиімді, саналы іс-әрекет алғашқы ғұрып-салтқа айнала отырып, бекіді және ұрпақтан-ұрпаққа берілді. Көпшілікке кең таралған пікірге қарамастан, бұл кезеңде адам баласы «не болса, соны» істейтін «жабайы» емес, іс-әрекеттері өте «ғұрыптанған» жаратылыс болуы керек еді. Сонымен, адамзат мәдениетінің бастапқы кезеңінде апатты сипаттағы ірі жарылыс болған. Содан кейін жарылыс кезінде игерілгендерді бекітетін кезең келді.

Іс-әрекеттің жаңа динамикасының негізгі ерекшелігі – ол биологиялық жадыда сақталып, сол арқылы адамзатқа дейінгі эволюция кезеңімен байланысты болғанына қарамастан, жеке тәжірибенің рөлі үздіксіз күшейіп отыруымен ерекшеленуі еді. Жануарлар әлемінде түрдің жадына салт-жоралық іс-әрекеттердің кезеңдері енгізілген. «Ерікті», яғни жеке іс-әрекет өмірдің екінші кезектегі мезеттерін қамтып, түрлі жадыда сақталмайды. Пайдалысы – ұжым ішінде сақталып қалды, ал кездейсоқ және жеке тұлғалық әрекеттер – ұмытылады. Адамзат қоғамында заңдылық пен кездейсоқтық арасындағы қатынас өзгерген: алдын ала болжанбайтын іс-әрекетке маңызды жаңа мүмкіндіктерді тудырушы генератор ретінде қаралады. Бұл генератор жеке тұлғаның іс-әрекеттерімен байланысып, еркіндік сатыларын кеңейту мүмкіндігіне ие болды. Оған қарсы бағытталған – табиғатынан ұжымдық болып келетін механизм – олардың бағасын беріп, жалпыға ортақ іс-әрекет жадысына бірін енгізіп, бірін шығарып тастап отырды.

Бифуркациялық сәттерде шектеулердің босаңсуы іс-әрекеттің жаңа формаларының пайда болуына әкеп соғады. Баяу даму кезеңінде олардың орынды деп танылғандары таңдалып, бекітіледі.



Осылайша, кездейсоқ тұтанған нәрселер іс-әрекетке айналады. Іріктеу арқылы жарылысты кезеңде пайда болған іс-әрекеттердің ішінен белгілі бір уәждемеге ие болғандары ұрпаққа берілетіндердің қатарына қосылып, бекітіледі.

Жеке тәжірибені сақтау міндеті жадтың жаңа әрі барынша күрделі функцияларын қажет етті. Іс-әрекеттің барлық түрлерінің, көбіне кездейсоқ іс-әрекеттердің ішінен мән-маңызы барларын саналылық іріктеп алып, ал жад оларды сақтап, салыстырмалы түрде шектеулі ғана бөлігін беріп отырды. Осылайша, екі кезеңнің жүйелілігі қалыптасты: бифуркациялық сәттерде іс-әрекеттің жаңа мүмкіндіктерінің болжап-білінбейтін халде өсуі және кейінгі іс-әрекеттің анағұрлым саналы нұсқаларын іріктеу. Соңғы айтылғаннан мынадай маңызды қорытынды шығады: алғашқы кезеңдерде іс-әрекет формаларын таңдау шығармашылық сипатта болмады, яғни ол белгілі бір ережелер бойынша жүзеге асырылды. Іріктелген саналы ым-ишаралар мен іс-әрекеттерді бекіту үшін әдет-салтқа айналу қажеттілігі туды: қозғалыстың, шығарылатын дыбыстардың және әуенді айқайлардың шартты жүйесі жадыда сақталуына қызмет етті. Тұқымқуаламайтын саналы әрекеттерді жеткізу қажеттілігі оның ежелгі өнердің кейбір формаларымен жақындасуын талап етті.

Дамудың алғашқы кезеңдеріндегі адам баласының іс-әрекеттері, сөздің біз білетін мағынасындағы – практикалық сипатта болды, – яғни эмоциялық «көркем» бастауға түбегейлі қарама-қайшы болды деген түсінік – бізге белгілі материалдармен де, теориялық қисынмен де дәлелденбейді. Дәл осы кезеңде тәжірибені бекіту мәселесі адам әлі қол жеткізбеген жад механизмін қажет етті. Қанмен берілмейтін жан-жақты көбейіп келе жатқан мәліметтер қорын сақтауға деген жаңа қажеттіліктер өзі табиғатында көркем сақтау аппаратын тудырды. Бұл адам ойлап тапқан жаңалық емес еді: дәйек ретінде араның тұқымқуаламайтын ақпаратты өзінің шартты тілі – «биі» арқылы жеткізетіні жайлы баршаға белгілі мысалға жүгінуге болады. Әрине, аралар тарататын мәліметтердің белгілі бір деңгейдегі тұрақтылығы «бидің» тұқымқуалаушылық әрі біршама жүйесімен шектелуіне мүрсат береді. Ал адами ақпараттың ашық сипаты әлдеқайда бай әрі динамикалық механизмді қажет етті. Сонымен, адамзат әрекетінің тек ойша пайымдауға болатын бастапқы кезеңдерінде бір-біріне қарама-қарсы бағытталған, алайда құрылымдық ұқсастығы бар екі процестің қалыптасқанын шартты түрде айтуымызға болады:

Біріншісі – ым-ишараттық іс-әрекеттің мүмкіндіктерін кеңейту және жораланудың жаңа түрлерін қалыптастыру;

Екіншісі – салт-жораның тарылуына байланысты іс-әрекетті шектеу, іріктеу және ұжымдық жадқа бекіту.

Екі жағдайда да салт-жора практикалық әрекеттерден алыстамайды, оған қарсы тұрмайды, керісінше, практикалық әрекеттер қоғамдық іс-әрекет функциясына ие болатын тіл болып табылады. Сондықтан архаикалық дәуірдегі саналы іс-әрекеттер кейінгі тарихи кезеңдерге қарағанда, қатаң болған. Жазу мәдениетінің алғашқы кезеңдерінде адам баласы жазуды бекерден-бекер қолданбай, оның қасиеті бар, әрі салт-жоралы, әрі адамның өміріне әсер етеді деп білгені секілді, іс-әрекеттердің барлығында мән-мағына бар деп білген адам да бұл құралдарды бекерден-бекер қолдана алмаған. Олар бір мезетте әрі іс-әрекет, әрі жад, әрі миф болған.

Келесі кезең – өмірдің практикалық және мифологиялық өрістерін ажыратумен байланысты болды. Өмірдің практикалық өрісі әлдеқайда көбірек еркіндікке ие болды, яғни тілге айтарлықтай көп элементтері және ол элементтердің көптеген қисындасу мүмкіндіктері енді, тілдің әрқилы болғаны сонша, субъективті түрде ол тіл емес, ұйымдаспаған өріс секілді қабылдануы мүмкін еді. Ал мифологиялық тілдің аясы тарылып, ерекше құрылымдылық сипатқа ие бола бастады. Бұл кезеңде семиотикалық қабылдау мен практикалық іс-әрекет әлі де болса бір-біріне ұқсайтын немесе бір-бірімен өте тығыз біріккен еді. Аспектiлер арасындағы айырмашылықтар кейіннен терең мәнге ие болды. Амал – белгілі бір семантикалық нысан ретіндегі мәдени іс-әрекеттің арнайы формаларын қабылдау көзіне айналды. Осы негізде, мысалы, практикалық және сакралды тамақтанудың бөлінуі, біріншісінің жоралғылықтан шығуы мен екіншісінің жоралғыға ерекшелене айналуы пайда болды. Десек те, екі тамақтануда да символикалық емес, гастрономиялық сипат сақталды. Оған қоса, тамақты физиологиялық тұрғыда қабылдау салт-жоралық тамақтанудың да ажырамас бөлігін құрады. Тамақтану – физиологиялық түрде



қарын тойдыру қуанышын сыйлауы керек еді. Молшылықта, майлы, дәмді әрі көп мөлшердегі тағамды жеу магиялық функция мен физиологиялық қанағаттанудың ажырағысыз бірігуімен байланыстырылды. Сол сияқты қуаныш пен шаттықты білдіретін ым-ишараттар, айқайлар, одағайлар, күлкілер магиялық сипатқа ие болған, бірақ ойын болмаған еді. Олардың әрекеттері шынайы, бұқпасыз сезімдерге толы болды, бұл көрініс сырттан бақылаушыларға жалған бейберекет болып көрінер еді. Сонымен бірге, тамақтану физиологиялық жағынан М. Бахтин және басқа да көптеген этнографтар сипаттаған ғұрыптық физиология жүйесін қалыптастыра отырып, екіншілік ғұрыптық сипатқа ие бола бастады. М. Бахтин бұл жүйені еркіндіктің салт-жоралық шектеулер аясына баса көктеп кіруі деп түсіндірді, бірақ сол «еркіндіктің» өзі салт-жоралық формада жүзеге асатынын Бахтиннің өзі көрсетті. Осылайша, субъективті жоралғысыздану салт-жораның екі еселенуіне алып келеді. Кейінірек басқа да физиологиялық процестер секілді, тамақтанудың да магиялық функциясының артуы басымдықтардың түбегейлі орын ауыстыруына түрткі болып отырды. Жоғарыда айтылғандай, егер алғашында тамақтану әлі дами қоймаған салт-жораның мазмұны болса, кейін ол таңбаға, салт-жоралық формаға айналды. Бір жағынан, бұл мазмұнның аясын кеңейтті. Аштықты қанағаттандыру ғана емес, жағымды эмоциялар мен мәндердің барлығы да жөн-жоралғымен тамақтану арқылы рәсімделіп отырды. Той – салт-жораның ауқымды да жағымды мәнге ие әмбебап формасына айналды. Сонымен қатар, той – барынша әртүрлі мазмұнның дайын жоралғыланған көрінісі болды. Физиологиялық негізі барған сайын таңбалық түрде жоралғыланатын эмоциялар да бекітілген сипат алады. Той үстіндегі барлық іс-әрекеттерге таңбалық сипат беретін әдет-салтқа айналған қуанышты ым-ишараттар да осындай. Бұл жағдайда қуанышты немесе қайғылы іс-әрекеттерді жасауды, оларды бір-бірінен ажыратып, түсіне білуді үйренуге тура келеді. Көрініс аясы да кеңі түседі: тамақ – тамақтың символына, қанды етті жұлмалап жеу – өсімдік жеуге алмасуы мүмкін. Бұрынғы мазмұн енді көрініске, таңбаға айналатын күрделі әрі барынша әртүрлі алмасу жүйелері өріс алады.

Абыздың немесе басқа да киелі кейіпкердің құрбандық шалынуының оның уақытша орнын басатын – басқа бір адаммен, мысалы басқа тайпаның мүшесі, құл, не мүлде «бөтен» біреумен алмастырылуы осылайша өрбиді. Ал «бөтен» адам – «толыққанды адам» болып саналмайтындықтан, келесі қадамда – құрбандыққа шалынатын адам киелі жануармен ауыстырылады. Солайша семиозистің күрделенуі орын алады: өлтірілетін және салттың толық орындалуында жеп қойылатын абыз – құдайды, оның орнын басатын құл – абызды, жеп қойылатын құрбандық малы да бастапқыда құдайды білдіреді. Кейіннен ғана құдайдың құрбандығы – құдайға құрбандықпен алмасады. Алайда мұнда тұрақты болып табылатыны – христиан дініндегі бірігуге дейін ұласқан – алғашында құпия кешкі отырыс, одан ары құрбандықты шараппен және нанмен толықтай алмастыру евхаристиясымен өрбіген алмасу механизмінің өзі. Сонымен бірге құпия кештер – ақылға салғанда оның кейінгі сана-сезімін түсіндіретін, Исаның қазасын алдын ала болжау ғана емес, «ағашқа керудің» нақ өзі, тек басқа тілде. Алмасудың осындай типін түсінудің кейінгі дәуірлердегі сана-сезімге қиынға соғуы – әуелде символиканың әртүрлі жүйелерінде бір мағынаны білдірген сөздерді ойнату ретінде қарастырған сюжеттердің пайда болуына алып келді. Кейінгі кезеңдердегі рационалды таным-түйсік бұл мифологиялық бірлікті ықшамдауға бейім. Мысалы, Рим тарихында құдайларды алдау ғұрпы болғаны белгілі. Құдайға белгілі бір мөлшерде бас береміз деп уәде береді, алайда іс сәтті аяқталса, оған көкнәрдың бастары тарту етілетін болған. Эпизодты сөздерді ойнату және алдау ретінде қабылдау – әрине, таңба түріндегі құрбандық пен құндылықтары бірдей коммерциялық айырбастау арасындағы ертедегі мифологиялық бүтіндіктің кейініректегі түсіндірілуі. Бұл жерде римдік адамның құқықтық ой-санасы мифологияны өзі тіліне аударады.

Осы айтылғандармен жыныстық қарым-қатынасты қабылдаудың физиологиялық және семиотикалық тұстарының арақатынасын салыстыруға болады. Бұл қабылдау өте күрделі эволюцияны басынан кешірді. Оның белгілі бір кезеңдерінде жыныстық қарым-қатынас молшылық жиынтық бейнесіне ене отырып және ортақ тілге аударылу жағдайында семиотикалық тұрғыдан тамақтанудан бөлек болған жоқ. Басқа тарихи сәттерде жыныстық қарым-қатынастың физиологиялық қырының шектік семиотизациясы туындауы мүмкін еді. Рыцарлық махаббат ғұрпындағы тұрмыстық және таңбалық аспектілердің қарама-қарсылық дәрежесі соншалық, жыныстық қатынастың орнау мүмкіндігін мүлдем болдырмайтындай еді. Сонымен



қатар, мәселен, Рыцарлардың ауыл қыздарын зорлауы секілді кейбір физиологиялық әрекеттер махаббат тіліне аударылмайтын. Аса қарама-қайшылықты мінез-құлық жүйесі ретінде біздің ғасырымыздың екінші жартысындағы жастардың жыныстық уәделесуді «қарапайым», «күнделікті» іс-әрекеттер қатарына өткізіп, оны сүйіспеншілік, отбасылық әрекеттер аясынан ажыратуын айтуға болады. Іс-әрекет сөйлеумен бірбүтін болған кезең біртіндеп олардың арасының ажырау процесіне алмасады.

Мәдениеттің қалыптасуындағы түбегейлі жаңа кезең өздері білдіретін заттардан мүлде бөлек шартты таңбалардың пайда болуымен байланысты болды. Бұл ірі төңкеріс біздің түсінігіміздегі сөйлеуді қалыптастырды. Әрине, сөзбен сөйлеу әлдеқайда ертерек қалыптасты, бірақ, қазіргі қарым-қатынаста ым-ишара қандай қызмет атқарса, сөз – өзі білдіретін нәрседен ажырамайтын, онымен бірбүтін болған кезеңде сондай, яғни сүйемелдеуші, мағынаны күшейтуші, реңктік қызмет атқарды; негізгі семантика білдірілетін заттың не ишараттың еншісінде қалды.

Адамзат баласының ары қарайғы тарихы сөздерді қолдану тарихына айналды. Егер оған дейін мәдениеттегі семиотиканың рөлі тәжірибенің астарына жасырынып келсе, енді семиотика тарихтың басты тетігіне айналды. Мәдениеттің негізін құраушы мәселелерінің бірі – оның сөзге қатысы болып қалыптасты. Мәселе мынадай шарттарға байланысты қиындай түседі: тарихтың дәстүрлі пәлсапасы жаңа кезеңнің пайда болуы алдыңғы кезеңнің толығымен жойылуына байланысты деген түсінікке негізделген. Алайда, биологиялық эволюция барысында тіршіліктің бастапқы түрлерінің бірен-сараны ғана өліп, айтарлықтай бөлігі жаңа жағдаяттарға бейімделіп, эволюция жолымен дамיתыны секілді, адамзат тарихы мен мәдениетінде жаңа доминанттың пайда болуы ешқашанда оның алдыңғысының жойылып кетуіне әкеп соқпайды. Мәселен, жаңа өркениеттердің пайда болуы не құлиеленушілікті, не басқа да – ертеректегі – экономикалық формаларды жойып тастаған жоқ. Сол сияқты салт-дәстүрлер мен жүріс-тұрыс формаларының архаикалық жүйелері шетке шығып қалады, бірақ, әдетте кейінгі құрылымдармен бірге жүреді.

Мәдениеттің семиотикалық аспектінің құрылымы қарама-қайшылықты. Бір процесс әртүрлі тілдерді көбейтумен байланысты. Бұның динамикалық болмысы жаңа таңбалар жүйесінің ұдайы туындап отыруын және олардың доминанттарының орын ауыстырып отыруын айқындайды. Ым-ишаралар, ән салу, билеу, өнердің әрқилы түрлері семиотикалық процесті басқарушы ретінде бір-бірін кезекпен алмастырып отырады. Бұл ешқашан моноқұрылымды болмайды. Зерттеуді оңтайландыру тұрғысынан ғана әдебиеттің, бейнелеу өнерінің немесе семиотиканың басқа бір түрінің тарихын оқшауланған деп қарастыруға болады. Шынтуайтында қозғалыс үздіксіз жүріп отыратын алмасу ретінде жүзеге асады: бөтен жүйелерді қабылдау, бұл оларды өз тіліне енгізу арқылы жүреді.

Тілдің толығымен жаңа қызметі шектен шығып кеткен шеттету процесімен байланысты болды. Тілдің іс-әрекеттен ажырауы – ым-ишараттың рөлін күшейтті. Егер о баста сөйлеу іс-әрекеттен бөлінбей, оның құрамдас бөлігі болса, енді сөйлеу өз-өзіне жеткілікті болып, сөз бен ым-ишарат бір-бірінен ажырай алды. Бұл сөз семантикасының дербестігін күрт күшейтіп жіберді. Процестің келесі бір жағы – таңбаның іс-әрекеттен ажырауы және өзіндік мәні бар таңбалардың пайда болу мүмкіндігі. Сөзге «еркіндік беру» деумен жалған сөйлеуге мүмкіндік туды. Бұл сөздің – еркіндіктің жаңа сатысына көтерілгендігінің айқын дәлелі болды.

Сөйлеудің Бір жағынан, тұрақты формаларға, құбылмайтын мәтіндерде қатаюға талпынуы, екінші жағынан, сөйлеу элементтерінің комбинация жасау еркіндігінің кеңеюі, бір-біріне қарсы бағытталған процестерді қалыптастырды. Ал олардың арасындағы динамикалық шиеленіс барлығының туындауына негіз болған.

Сөйлеудің бастапқы қызметі, бір жағынан, магиямен, екіншіден – іс-әрекеттің маңызды сәттерінде қайталанатын ым-ишараттардың беки түсуімен байланысты болды. Мұндай сөйлеу тұрақтылыққа, қайталанып отыратын формулаларға ұмтылуы тиіс еді. Ол консервативті болды және, негізінен, тастай қатаюға, қасиеттенуге беттеді. Бұған қарама-қайшы сипатта тілдік периферия дами түсті. Салт-жоралармен тығыз байланыста бола отырып, ол өзінің еркіндігін сақтап қалды.

Тіл мен сөйлеудің антитезасы эмпирикалық шындық және оның шартты үлгісі ретінде әлеуетті екі мүмкіндікті бұғып жатты. Бір тұрғыда, сан алуан өнер түрлері тудыратын әрқилы және көптеген мәтіндердің тізбегін шындық ретінде, ал саналамау барысында құрастырылатын



тілді – шартты үлгі ретінде қарастыруға болады. Алайда мәдениет тарихында біз бұл айтылғанға қарама-қайшы көзқарасты да кездестіреміз. Ол көзқарас бойынша, асыра жалпылық ақиқатқа жол ашады, ал жекелік – кездейсоқтық пен жуықтыққа апарады. Семиотикалық механизмнің осы қосбірлігі – ортағасырлық номиналистер мен реалистердің тартысында көрініс тапты.

Адамзат мәдениетінің екіжақтылығы оның терең мән-мәнісімен: желілік бағытталуы мен циклдық қайталанғыштығының шиеленісті үйлесуімен байланысты. Оның қосарлы табиғаты тарихына деген екі семиотикалық көзқарастың нақты негізі болып табылады. Мәдениет, дәстүрлі тарих ғылымындағы секілді, өзінің желілік динамикасы бойынша ескі құрылымдардың ұдайы жаңаға алмасып отыруы ретінде қарастырылуы мүмкін. Мұндай көзқарас – ескілерін алмастырып, шығарып тастап отыратын жаңа формалардың үздіксіз қалыптасуын көрсетеді. Алайда мәдениет тарихында құрылымдардың үздіксіз алмасып отыруына басымдық берген циклдық тұжырымдар да жиі айтылып отырған. Бұл мәселенің шешімін – қайталану жиіліктері – мәдениеттің тіліне, ал динамикалық әртүрлілік – оның сөйленіміне, жататындығын көрсете отырып, табуға болар еді. Десек те, жоғарыда тіл мен сөйлеудің бір-біріне қарама-қарсы қойылуы тек сипаттаудың шартты процесінде ғана мүмкін болатынын айтып өткен болатынбыз. Шынтуайтында олар үздіксіз орын ауыстырып отырады. Әрі циклдық, әрі динамикалық процестер тең дәрежеде шынайы болып табылады. Ал сипаттаудың әралуан түрлері жай ғана шындықтың әртекті түрлерін айшықтап көрсетеді.